



Автор: Тыныштық Асемгул Байболқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Өнер
Тақырып: Менің қауіпсіздігім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: – тұрмыстық құралдарды қолданудағы қауіпсіздіктің негізгі қағидаларын атайды; Көптеген оқушылар: – тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері туралы графикалық белгілерді суретке салады; Кейбір оқушылар: – «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады және сол бойынша қорытындылар шығарады;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар тұрмыстық құралдарды қолданғанда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылайды. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Электр қуаты, тұрмыстық құралдар. Электр тогымен зақымдану қауіптілігі. Тұрмыстық құралдарды пайдаланудың графикалық белгілері Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер Егер дұрыс қолдана білсе, электр күші адам өміріне зиянын тигізбейді. Тұрмыстық құралдарды қауіпсіз қолданудың ережелерін есінде сақта! Талқыланатын мәселелер: – қандай тұрмыстық құралдарды білесің? – электр құралдарының тұрмыстағы пайдасы қандай? – не үшін тұрмыстық құралдарды қолданғанда қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Жазылым: Суреттерге және графикалық белгілерге қарап, тұрмыстық құралдарды қолданудың ережелерін дәптерге жазу.
Күтілетін нәтиже:	Жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәнінен алған мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштерді сақтау және қорғаудың маңыздылығы, ежелгі түркі халықтарының өмірі, көшпелі өмір салты мен отырықшы өмір салтының ерекшеліктері, Қазақстан халықтары мерекелері мен демалыс мәдениеті тақырыптары, өз ата тегінің шежіресі, спорт түрлері, ауа райының олайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін туралы білімдерін қолданады.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар : – «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады және сол бойынша қорытындылар шығарады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәнінен алған мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштерді сақтау және қорғаудың маңыздылығы, ежелгі түркі халықтарының өмірі, көшпелі өмір салты мен отырықшы өмір салтының ерекшеліктері, Қазақстан халықтары мерекелері мен демалыс мәдениеті тақырыптары, өз ата тегінің шежіресі, спорт түрлері, ауа райының олайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін туралы білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушыларда 1,2 сыныпта «Мен және менің отбасым» тарауларынан отбасы шежіресі және құндылықтары туралы түсініктері бар. 3 сыныптың «Адамгершілік» тарауында жеке тұлғаның және отбасының дамуындағы еңбектің рөлі оқып талдаған. Ал, 3 сыныптың «Уақыт» тарауынан адамдардың көшпенді және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері, ертедегі түркілердің өмірі туралы, мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы туралы . түсінік қалыптасқан. Қазақстанның бейресми рәміздерінің бірі «Бәйтерек» монументтің сипаттай алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	<p>«Мен пікір білдіремін, сен пікір білдіресің» жаттығуы Мақсаты:өзінің бір нәрсеге көңілі толмау, ренжу, көңілі қалу сияқты жағымсыз сезімдерін толерантты түрде жеткізе білу;қарым-қатынасты еркін жүргізуді үйрету.</p> <p>Көк маркерлер тобы: Қызыл маркерлер тобы: Жасыл маркерлер тобы: Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p> <p>«Жедел жауап» әдісі Сұрақтарға жауап беріңдер: – Бүгінгі сабағымызда не жайында айтатын боламыз деп ойлайсыңдар? (электр жайында) – Электр күші мейірімді күш пе, мейірімсіз бе? Жауаптары: – егер электр күшіндұрыс қолдана білсең, ол – мейірімді күш! – электр қуаты – әлемдегі еңжақсы көмекші! – электр тогы – қауіпті әрі қорқынышты жау! Мұғалім:Дұрыс айтасыңдар, балалар! Бүгін біз электр күшін қалай дұрыс пайдалану керек және біздің қауіпсіздігіміз жайлы сөз ететін боламыз. ҚБ: Отшашуарқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтиженіанықтау</p>	
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. Әр адам кез-келген спорт түрлерімен шұғылдана ала ма? Әлде ол үшін ерекше бір қабілет қажет пе? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Оқулықтағы иллюстрациямен жұмыс жасаймыз. Суреттерге қарап шығыңдар. Электр қуатымен жұмыс істейтін тұрмыстық құралдарды атаңдар. Олар қандай қызметтер атқарады? Бұл құралдарға тән ұқсастықтар қандай? Оқулықтағы бірінші азат жолдан бастап аяғына дейін оқу. Электр құралдарының атауларын жазыңдар. Мұғалім: Электрмен, электр құралдарымен байланысты болатын қауіптер тек қана сыртта жүргенде, көшеде болмайды, ондай қауіптер үйде де, пәтерде де болуы мүмкін. «Үкі тәтейдің сабақтары. Қауіпсіздік сабағы» циклынан «Электр құралдарын қауіпсіз қолданудың ережелері» мультфильмін көру. Дескриптор: «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады және сол бойынша қорытындылар шығарады; Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау (Т) Оқушылар топта жұмыс істей отырып, оқулықтағы тапсырмаларды орындайды. 1- топ Электр құралдарын қолданудың ережелерін оқыңдар. Ережелерге графикалық белгілердің суретін салыңдар. 2-топ Оқулықтағы белгілерге қарап, электр құралдарын қолданудың ережелерін құрастырыңдар. 3-топ Шеңбердің ішіне электр құралдарын қолдануға қатысты графикалық белгілердің суретін ойдан салыңдар. Оларға ережелер құрастырыңдар.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.</p>	
Рефлексия	<p>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушылар «Бағдаршам» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты жасайды.</p>	